



БҰЙРЫҚ

01.09.2023

Теміртау қаласы

ПРИКАЗ

№ 303 Н/к

город Теміртау

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын орындау және Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру

Қарағанды облысы білім басқармасының «Теміртау қаласы білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінен 05.04.2022 жылдың № 01-22/000284 хаты негізінде: Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын орындау және Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру шеңберінде 2021 жылғы қаңтардан бастап жеке тұлғаның активтері мен міндеттемелері туралы декларацияны ұсыну рәсіміне өзгерістер енгізілуі бойынша **БҰЙЫРАМЫН:**

I. Декларацияны міндетті түрде тапсыру «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңының 11-бабында көзделген қаржылық бақылау шарасы жүргізілсін;

I.I Заңның 11-бабының 2-тармағы, 2-тармақшасына сәйкес активтері мен міндеттемелері туралы декларацияны «осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген адамдарды қоспағанда, мемлекеттік лауазымға, мемлекеттік немесе оларға теңестірілген функцияларды орындауға байланысты лауазымға кандидаттар болып табылатын адамдар және олардың жұбайлары (зайыптары) лауазымды адамның (органның) әктісі шығарылғанға дейін ұсынады лауазымға тағайындау құқығы бар, лауазымға тағайындау туралы (декларация табыс етілген айдың бірінші күніндегі жағдай бойынша)» негізге ала отырып, активтер мен міндеттемелер туралы декларация (250-нысан) білім беру ұйымдарының және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің бірінші басшысы лауазымына тағайындауға кандидаттар үшін міндетті құжат уақытында тапсырылсын;

II. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңының 1-бабы 4-тармағына сәйкес, «Мемлекеттік ұйымда немесе квазимемлекеттік сектор субъектінде басқарушылық функцияларды орындайтын адам» мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың қатарына кіргендіктен 250-нысан бойынша активтері мен міндеттемелері туралы декларацияны уақытында тапсыруға міндеттелсін;

III «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңының 1-бабының 2-1 тармағына сәйкес, «Мемлекеттік ұйымда немесе квазимемлекеттік сектор субъектінде басқарушылық функцияларды орындайтын адам, аталған ұйымдарда

001713

тұрақты, уақытша не арнайы өкілеттік бойынша ұйымдастырушылық өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды орындайтын адам» мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың қатарына кіреді, демек, білім беру ұйымдары бірінші басшыларының орынбасарлары (әдіскерлері) мен олардың жұбайлары (зайыптары), білім беру ұйымдарының оның ішінде әкімшілік-шаруашылық жөніндегі орынбасарлары (ӘШО) және олардың жұбайлары, білім беру ұйымдарының бухгалтерлері және олардың жұбайлары, сондай-ақ тұлғалар, сатып алуды, оның ішінде мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу жөнінде шешімдер қабылдауға уәкілеттік берілген адамдар (конкурстық комиссияның толық құрамы) мен олардың жұбайлары (зайыптары) 250-нысан бойынша активтері мен міндеттемелері туралы декларацияны тапсыруға міндеттелсін; Жауапты: гимназияның барлық қызметкерлері, жұмысшылары.

II. II Білім беру ұйымының бірінші басшысы мемлекеттік функцияларды уақытша орындамаған жағдайда (кезекті еңбек демалысы, әлеуметтік демалыс, жалақысы сақталмайтын демалыс, еңбекке жарамсыздық парағы, іссапар және т.б.) бірінші басшының міндетін уақытша атқаратын адамға, міндеттерді адамға жүктегенге дейін тапсырылуы тиіс декларацияны ұсыну жөніндегі міндетті және олардың жұбайлары 250 және 270 нысаны бойынша активтері мен міндеттемелері туралы декларацияны міндетті түрде тапсыруы директордың барлық орынбасарларына міндеттелсін.

III. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жауапкершілігін өзіме қалдырамын.

Директор



К. Нурғалиева